

Біз бір жерде бір мезгілде туып, бірге өстік. Асық ойнап, қозы-лақ қуған балалық шақ суреті көз алдымда күні кешегідей сайрап тұр. Шашы селеудің желкіліндей жарқылдап тұратын жіп-жіңішке ұзын сары бала сол кездің өзінде ерек пайымды болатын. Оның әкесі (шынында әкесі Сланның туған ағасы) Аманбек ауылнай мен менің әкем Әбдіқожа бірін-бірі қатты сыйлайтын тұрғылас, қатарлас, қызметтес адамдар болатын. Екеуі де бүкіл елге тұтқа бола білген парасатты, сабырлы, ақылман жандар еді. Шіркін, сол кісілердің өздерін өздері ұстауы, биік кісілігі, еңкеймес, иілмес паңдығы, парасат ұялаған келбеттері, бірде-бір артық қимылсыз істері, еш жарқылдақсыз, тереңнен тар-тқан ұлағатты сөздері, отбасындағы өз орнын қадірлей білуі таң қалдырарлықтай өшпес үлгі болатын. Міне, сол ұяда көргендеріміз ұшқанымызда медет, тірек болып, бар болмысымыз бен рухтық келбетіміздің қалыптасуына негіз болғандығын мағмұр сезімдермен айтуды жөн көріп отырмын. Тағдырға ризашылық ету керек, тел қозыдай қатарғұмыр кешіп, алпыстың асқарына да жетіппіз. Бір қызығы, алпысыншы жылдары жоғары оқу орындарын бітіріп, Қарағандыда еңбек жолын бастағанда бізге бір көшеден үй тиіп, ал жетпісінші жылдары Алматыға көшіп, республикалық ұжымдарға жұмыс істеуге ауысқанда тағы да бір ауладан екеумізге үй берсін. Содан мен Қарағандыға тоқсаныншы жылы (өткен ғасырдың) қызмет бабымен қайтып келгенше көрші-қолаң өмір кешіп, бар қызық-шы-жығымызды бірге көріп, балаларымыздың өскеніне қуанып, шығармашылық табыстарымыздың куәгері болып өмір сүрдік.

Қазір міне, Ақселеу болса Астанада, Гумилев атындағы Евразия университетінде журналистика кафедрасын меңгереді. Сол жаңа астанамыздың жаңа сападағы зиялы қауымын қалыптастыруға өзінің бар ақыл-парасатын, білім-білігін аямай жұмсап жатыр. Еліміздің аса белгілі жазушысы, білімдар ғалымы. Қай жағынан қарасаңыздар да өзінің бойы тәрізді биік. Мен болсам Қарағанды шаһарында көпке онша көріне бермейтін, барша жұрт онша біле бермейтін бір ғылымның пұшпағын илеп жатқан жайым бар. Жас шағында кім ақын, жазушы боламын деп армандамады дейсіз... Дегенмен, тағдыр шіркін өз дегенін істетпей қоймайды емес пе! Дей тұрғанмен, екеуіміздің рухани байланысымыздың жібі үзіліп көрген емес. Халқымыздың болашағы, егемендігіміздің ертеңі, рухымыздың деңгейі, тіліміздің тірлігі, әдебиет пен ғылымның дәрежесі ойымызды он, ақылымызды алтау қылатыны рас. Кезіккен сайын құмар қандыра шер тарқатып жатамыз. Мұның бәрін қысқа қайырып айтып жатқан (ұзақ айтса ол бір бітпес әңгіме ғой) себебім — дәл бүгін Ақселеу дос алпысқа келіп жатқанда алты ауыз сөз айтуға аздап болса да құқым бар екенін өзімше дәлелдеген түрім ғой. Мен, енді, Ақселеудің өмір жолын хронологиялық тұрғыда айтып шығуды оның өмірін зерттеушілердің еншісіне қалдырып, шығармашылығының белес-белесін, асуларын шама-шарқынша, өз пайымдауымша шолып шықсам ба деймін.

Әрине, Ақселеу Сейдімбек ең алдымен қазақтың аса көрнекті жазушысы. Дәл осындай теңеуге ие болу үшін құлаш-құлаш роман, повесть жазу шарт емес. Мәселе, жазған шығармасының көркемдік үрдісі мен айтар ойында. Э.Хэмингуэй басқа ештеңе жазбай-ақ, тек «Шал мен теңіз» повесінің ғана авторы болғаны үшін әлемнің ұлы жазушысы болып қалмақ. Ш.Айт-

матовтың да барлық жазғандары 5-6 томнан аспайды екен. Бірақ оның «Жәмила» атты кішкентай повесі ғана оны бүкіл әлемге әйгілі етті. Әрине, бұл тәрізді мысалдарды әлем әдебиетінен көптеп келтіруге болады. Сонымен қоса, аса көлемді эпикалық шығармаларымен әдебиетке, әлемдік көркем ойға елшеусіз үлес қосқан жазушылар да аз емес. Мәселен, Л.Толстой, М.Әуезов, Д.Голсуорси, М.Шолохов т.б... Ақселеу Сейдімбектің жазушылық қарымын, көркемдік деңгейін мейлінше көрсеткен кітабы «Аққыз». Бұл кітапта жинақталған повестердің ішінен мен айрықша «Күзеуде» және «Бір атым насыбай» повестерін бөліп айтар едім. Бұл повестердің қай-қайсысы болмасын өзінің көркемдік концепциясы, тіл өрнегі жөнінен осы тектес шығармалардың классикалық үлгісі дер едім. Әсіресе, сюжет құру тартымдылығы мен тіл көркемдігі, құнарлылығы, сөз жоқ, көнігі шеберліктің

іздеп жүріп оқыды, білім кәусарынан сусындады, өз халқының осыншама тарихи, рухани, мәдени, дәстүр байлығына қанығып, таң-тамаша қуанышқа бөленді.

Жалпы, Ақселеу Сейдімбек тек өз творчествосымен ғана емес, күллі ғылыми, әдеби жұртшылықты қазақ оқырманының тарихи зердесін, мәдени өрісін, этнографиялық білігін арттыруға жұмылдыруға ат салысқан санаулы санаткерлердің бірі. Оның бұл ересен ісі республикалық «Зерде» журналының бас редакторы болып жүргенінде айрықша көзге көрінді.

Сол кезде журнал авторларының қатарынан академиктер Ә.Марғұлан, М.Қозыбаев, С.Қирабаев, М.Дүйсенов т.б. көруге болар еді. Ақселеудің жас оқырмандардың білім көкжиегін кеңейтуге ұмтылған талпыныстары аса қызғылықты. Мәселен, ол атақты «Аппамыс» жырын жас оқырман-дарға лайықтап қара сөзбен



куәсі іспеттес. Әрбір сөз сан қырымен, барша әрімен құлпырып тұр. Сөз салмағы, мәні, қолданыс орны мінсіз. Сөйлемдерде селкеу жоқ, бәрі орнында. Оқып отырғанда бұлақтың суын ішкендей мейірің қанады. Кейіпкерлердің сезім толқындарына езің де қоса түсіп кеткенінді байқмай қаласың. Бұл, әрине, көркемдік қуаттың биік кернеуінің әсері деу керек.

Ақселеу Сейдімбек шығармаларының көркемдік құралдарының, бояу палитрасының аса байлығымен қатар, этнографиялық дәлдігін бөлек атау керек деп ойлаймын. Тіпті, кейде, дәл осы шығарма сол этнографиялық белгілерді, әдет-ғұрыптарды әйгілеу, елге таныстырып отыру үшін жазылған тәрізді болып көрінеді. («Ақиық»т.б. шығармалар). Осы көркем шығармалардан бастау алған этнографиялық, тарихи-философиялық толғаныстар Ақселеудің кейінгі далалық тарихи танымды арқау еткен ғылыми-көпшілік еңбектерінде жүйелі жалғасын тапты. Осындай шығармалар жазып, жариялаумен Ақселеу саналы түрде айналысты. Себебі, советтік социалистік идеология уландырған, орыстандыру бағытындағы ақпарат тасқынының астында қалған қайран халқын осы пәледен арашалап алуға ұмтылған кезде ең оңтайлы құрал, ең шаппашап қару осы тарихи танымды орнықтыратын, ұлттық сезімдерді оятатын ғылыми-көпшілік мақалалар, кітаптар еді. Осы парадағы еңбектерінің ең әйгілісі «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабымен басталып «Қазақ өлемі» (этномәдени пайымдау, орысшасы «Мир казахов») деген фундаментальді кітаппен тұжырымдалған. Қазақ оқырманы үшін бұл кітаптардың орны ерекше деуге болады. Ел оларды

әңгімелеп, И.Можейконың«7және37керемет» кітабын қазақшаға аударып берді, Гомердің атақты «Илиада», «Одиссея» поэмаларының қара сөзбен жазылған нұсқасын қазақшаға аударып шығарды. Бұл кітаптар оқырманның сүйіспеншілігіне бөленіп, көптеген тиражбен таралды. Кейінгі кезде жазылған «Елтұтқа» кітабы да осындай ізденістердің жемісі деу керек. Бір кездегі таза ғылыми-көпшілікке арналған, таза тарихи-этнографиялық қызығушылықтан туған еңбектер келе-келе аса күрделі, іргелі ғылыми еңбектермен айналысуға ұласты. Енді көркем шығармалар жазғаннан көрі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары қатқатпары көп қиын-қыстаулы ғылыми еңбектер тудыруға біржола ойысты. Бұл салада да Ақселеу Сейдімбек үлкен табыстарға қол жеткізді және бұрын-соңды түрен түспеген тақырыптарға барды, жаңа асулардан асты. Мәселен, ол қазақ филология ғылымында алғашқылардың бірі болып қазақтың қара өлеңінің табиғатын зерттеп кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбек кейін «Мың бір маржан» деген атпен монография болып жарияланды.

Көптен бері ыждаһатты түрде ұңғи зерттеген тақырыбы — қазақтың күй өнері. Аса байыпты һәм байсалды зерттеу 1997 жылы докторлық диссертация қорғаумен аяқталды. Осы зерттеудің нәтижесінде 2-томдық «Күй шежіре» монографиясы және таяуда «Қазақтың күй өнері» деген фундаментальді зерттеу кітабы жарық көрді. Бұл еңбектерінде Ақселеу өзіне тән тереңдік және байсалды тиянақтылықпен қазақтың күй өнерін дәуірлеп, негізгі күй тарту мектептері мен әдістерін саралау мәселелерін

түбегейлі зерттеп, өзінің ғылыми толыққанды тұжырымдарын түзіп шыққан. Сонымен қоса бұл кітаптарда қазақ күйлерінің көптеген аңыздарын, 150-ден астам қазақ күйшілерінің өмір деректерін жариялаған. Осы тұрғыда Ақселеу Сейдімбекті күй аңызы деген фольклорлық жанрды ғылыми айналысқа енгізіп, саралап зерттеудің отандық ғылымда негізін салған ғалым деп есептеу керек.

Ақселеу Сейдімбектің творчествосының тағы бір жемісті саласы — журналистика. Ол аты бүкіл отанға әйгілі журналист. Олай дейтініміз — Теміртау, Қарағанды еңбеккерлерінің ерлігін паш етуге арналған жүздеген очерктердің авторы. Ол очерктері жинақталып бірнеше кітап болып басылып шықты, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қоса қазақ әндерін насихаттау жайлы бірнеше телехабарлар ұйымдастырды. Онда қазақтың әйгілі әншісі Ж.Кәрменовтің талантты жарқырата көрсетті. Журналистік өнердің қыр-сырына әмбе жетіктігі, республиканың көптеген газет, журналдарында жауапты қызмет атқаруы оның қазір Евразия университетінің журналистика кафедрасын басқаруына мол көмегі болғаны күмәнсіз. Қандай да болмасын дарынды тұлға әркез өзінің таңқалдырарлық жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Олар адамның қолынан келерталай өнердің сан саласын игеріп, талантының неше түрлі қырымен жарқыраған аса жарқын тұлғалар. Орыстың атақты физиолог ғалымы, академик А.Ухтомский бұл жан-жақтылық құбылысын ми қызметінде болатын өзі ашқан индукция феноменімен түсіндіреді. Мәселен, мидың бір орталығы қозса индукция әсері арқылы көрші орталықтарын да қоздырады екен.

Яғни, тек бір ғана қабілет жарқырап көрінбей, адамның басқа да қабілеттерінің көздері ашылады деген сөз. Ақселеудің бойында көптеген таланттың басы тоғысқан. Ол көркем әңгіме-повестер жазған үлкен жазушы, ол көптеген очерктер, ғылыми-көпшілік кітаптар жазған әйдіңгер журналист. Ол көптеген фундаментальді еңбектер жазған белгілі фольклорші ғалым, ғылым докторы, профессор. Сонымен қоса ағаштан түйін түйген шебер, отыз екі таспадан мінсіз өрім шығаратын өрімші. Ол — бармағы майысқан дәулескер күйші. Арқа күйлерін Ақселеудей шебер тарта-тын күйшілер онша көп емес. Өзі шығарған «Қосбасарларын» тартып отыратын кездері де болады. Оның композиторлық қабілеті де кісіні сүйсіндіреді. Кейінгі кезде Ақселеу Арқа әндерінің дәстүрлі мәнерінде орындалатын бірнеше асқақ әндер шығарды. Олар халыққа кең тараған, шырқау диапазоны әншінің әншісін ғана қажет ететін «Дәурен-ай», «Сарыарқа» тәрізді әндері. Ол әндердің алғашқы орындаушылары Жәнбек Кәрменов пен Қайрат Байбосынов. Бұл өте сырбаз, кірпияз әншілер көңіл хошына келмеген әндерді орындамас еді.

Бір сөзбен айтқанда, Ақселеу Сейдімбеков бүгінгі қазақ зиялылары ішінде өзінің феноменальді қабілет-қарымымен ерекшеленетін заңғар тұлға. Халқының несеме асыл қасиеттерін бір бойына сыйғызып тұрған осынау азаматтың өлі де берері мол екені күмән туғызбайды. Күміс шақшасын өкшесіне қағып-қағып жіберіп, алақанының шұңқыр жағын толтыра насыбайын шалқая атып, жан-жағына сырбаздана қарап әңгіме шертіп отырысында кешегі сал-серілерден қалған бір сылқымдық сезіледі. Кейде иығын тіктей, сырықтай денесін сергек қимылдата аяғын маңғаздана басып, қолындағы таяғын сәнмен қайыра тастап кетіп бара жатқанда көз алдыңа тікелей арғы бабалары Наймантай, Байғозы батырлар елестеп кетеді. Қалай болса да Ақселеудің бар болмысынан бір арда тектілік сезіліп тұрады. Ылайым тіл-көзден сақтағай!

Ғабдолла ҚҰЛҚЫБАЕВ,
медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.